



СЫР ТАБИҒАТЫ

ҚОҒАМДЫҚ - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ГАЗЕТ

ОБЩЕСТВЕННО - ЭКОЛОГИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

2013 жылдан бастап шығады ● Апта сайын жарық көреді ● E-mail: syr.tabigaty@gmail.com ● www.syrtabigaty.kz

СОЛТҮСТІК АРАЛДЫ САҚТАУ ЖОБАСЫНЫҢ АЛҒАШҚЫ НӘТИЖЕСІ: ТЕҢІЗДЕГІ СУ 42%-ҒА ҰЛҒАЙДЫ



Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов Арал ауданының тұрғындарымен Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру жобасының екінші кезеңін іске асыру мәселесін талқылады.

Жиында Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, Қызылорда облысының су шаруашылығы өкілдері мен сарапшы-ғалымдар қатысты.

Солтүстік Аралды сақтау жобасының алғашқы кезең қорытындысы бойынша теңіздегі су көлемі 42%-ға артып, 27 млрд текше метрге жетті. Теңіз суының тұздылығы төрт есеге жуық төмендеп, жыл сайынғы балық аулау көрсеткіші 8 мың тоннаға дейін жетті.

Мемлекет басшысының тапсырмасын іске асыру мақсатында Су ресурстары және ирригация Министрлігі «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасын әзірлеуде. Жоба негізгі 3 негізгі бағытты қамтиды. Атап айтқанда, Солтүстік Арал теңізінде

су жинақтаудың көлемі мен тиімділігін арттыру, су ресурстарын басқаруды жақсарту, балық шаруашылығы мен экотуризмді дамыту, өңірдің экологиялық жағдайын жақсарту бойынша маңызды іс-шаралар қарастырылған.

Айта кету керек, Су ресурстары және ирригация Министрлігі 2024 жылы Аралға 2,6 млрд текше метрге жуық су жіберді. Оның ішінде суару кезеңінде рекордтық көлем - 1 млрд текше метр су барды.

Бұл Сырдария суын сауатты бөлу және оны үнемдеудің нәтижесінде мүмкін болды. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2022 жылы Аралға бар болғаны 816 млн текше метр су жіберілген еді.

«Бұл нәтижелер - соңғы екі жылда жүргізілген жүйелі жұмыстың жемісі. Біз су үнемдеу, трансшекаралық өзендердегі су ресурстарын әділ бөлу мәселесінде көршілес елдермен өзара түсіністікке қол жеткізіп, нақты қадамдар жасадық. Алдағы уақытта да осындай келіссөздерді жалғастыра отырып,

маңызды су қоймаларының деңгейін тұрақты ұстап тұруға бар күшімізді саламыз. Аралды қалпына келтіруге бағытталған жоба ең алдымен өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға, балық шаруашылығы мен туризмді дамытуға және халықтың әлауқатын арттыруға бағытталып отыр», - деді Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов.

Жобаның негізгі бағыттары туралы баяндамалардан кейін, жиын «ашық микрофон» форматында жалғасты. Аудан тұрғындары жобаны іске асыруға қатысты өз пікірлерімен бөлісіп, толғандырған сұрақтарына жауап алды. Нұржан Нұржігітов қоғамдық талқылаудан кейін азаматтарды жеке қабылдады.

Айта кетейік, биыл суару кезеңінде Солтүстік Арал теңізіне 1 млрд текше метр су жіберілді.

А.Райкұл, inform.kz материалдар бойынша, фото: Су ресурстары және ирригация Министрлігі.

12+ №2(480)
Қаңтар
22 января 2025
Сәрсенбі • Среда • Wednesday

ИНВЕНТАРИЗАЦИЯ ПЛАСТИКОВЫХ ОТХОДОВ В КАЗАХСТАНЕ: РЕЗУЛЬТАТЫ, ВЫЗОВЫ И РЕКОМЕНДАЦИИ



ЧИТАЙТЕ НА 2-Й СТРАНИЦЕ

КАКИЕ ПРАВИЛА НЕОБХОДИМО СОБЛЮДАТЬ ПРИ ГОЛОЛЕДЕ ИЛИ ГОЛОЛЕДИЦЕ?



ЧИТАЙТЕ НА 3-Й СТРАНИЦЕ

ЗАЧЕМ В ПАЧКАХ С ЧИПСАМИ СТОЛЬКО ВОЗДУХА?



ЧИТАЙТЕ НА 8-Й СТРАНИЦЕ

ЭКОЛОГИЧЕСКИЕ УРОКИ ПРОВЕЛИ В ШКОЛАХ КАРМАКШИНСКОГО РАЙОНА



Экологические уроки прошли во всех учебных заведениях Кармакшинского района Кызылординской области, сообщает «24KZ». В школе имени Таимбета Көмекбаева провели открытый урок «Экология глазами детей». Школьникам рассказали об актуальных проблемах, связанных с темой бережного отношения к окружающей среде. А студентов аграрно-технического колледжа ознакомили со способами сбережения воды и энергии, а также раздельного сбора бытовых отходов. По словам замдиректора учебного заведения Азиза Досболова, молодежь принимает активное участие в акции «Таза Қазақстан».

Азиз Досболов, заместитель директора аграрно-технического колледжа:

- Молодёжь активно участвует в различных субботниках, помогает коммунальщикам с благоустройством и очисткой территорий населенных пунктов. В этот раз мы решили обсудить вопрос переработки бытовых отходов. Формируя экологическую культуру, мы растим поколение, для которого бережное отношение к природе - это норма жизни.

По материалам www.24.kz, фото из открытых источников.

ПРОГНОЗ ПОГОДЫ	Ср., 22 января 2025	Чт., 23 января 2025	Пт., 24 января 2025	Сб., 25 января 2025	Вс., 26 января 2025	Пн., 27 января 2025	Вт., 28 января 2025
Кызылорда Источник: gismeteo.kz	Облачно -2°C	Ясно -11°C	Ясно -8°C	Ясно -4°C	Ясно -1°C	Ясно 0°C	Ясно -2°C
Долгосрочный прогноз погоды является ориентировочным и отражает только характер изменения погоды.	76 м/с ЮЗ 86% влажн. 764 мм рт.ст.	2 м/с С 70% влажн. 777 мм рт.ст.	6 м/с В 60% влажн. 775 мм рт.ст.	6 м/с ЮЗ 56% влажн. 767 мм рт.ст.	4 м/с В 68% влажн. 760 мм рт.ст.	1 м/с З 82% влажн. 758 мм рт.ст.	3 м/с СВ 92% влажн. 758 мм рт.ст.

МОБИЛЬДІ АУДАРЫМДАР

Мобильді аударымдарды бақылау заңсыз кәсіпкерлік қызметті көлеңкелендіргендігіне бағытталған. Өлшемшарты бір жеке тұлғаның қатарынан күнтізбелік үш айдың әрқайсысының ішінде жүз және одан да көп әртүрлі тұлғалардан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға арналмаған банк шотына ақша қаражатын алуы болып табылады (ҚР Қаржы министрінің 29.03.2022 жылғы № 323 бұйрығына сәйкес).

2025 жылдан бастап Банктерден ақпарат ұсынылады жеке кәсіпкерлер, заңды тұлғалардың басшылары және олардың жұбайлары бойынша 2024 жылдың қорытындысы бойынша.

Аталған шара жасырын кірістер мен тіркелмеген кәсіпкерлерді анықтауға бағытталған, өйткені көптеген кәсіпкерлер тауарлар, жұмыстар мен қызметтер үшін төлемді кәсіпкерлік қызметке арналмаған жеке шоттарға мобильді аударымдар арқылы қабылдайды.

Бұдан басқа, қолданыстағы өлшемшарттан жеке кәсіпкер ретінде тіркелмеуге құқығы бар тұлғаларды алып тастау бойынша өзгерістер енгізіліп жатыр.

Сондай-ақ, өлшемшартты «бір жеке тұлғаның қатарынан күнтізбелік үш айдың әрқайсысының ішінде жүз және одан да көп әртүрлі тұлғалардан банк шотына жалпы сомасы 3 ЕТЖ-ден асатын ақша қаражатын алуы» деп қабылдау ұсынылады (01.01.2024 жылғы жағдай бойынша 255 мың теңге).

Қызылорда облысы бойынша
Мемлекеттік кірістер Департаменті.

МОБИЛЬНЫЕ ПЕРЕВОДЫ

Контроль мобильных переводов нацелен на вывод из тени незаконной предпринимательской деятельности.

Критерием является получение одним физическим лицом в течение каждого из трех последовательных календарных месяцев от ста и более разных лиц денежных средств на банковский счет, не предназначенный для осуществления предпринимательской деятельности (согласно приказу Министра финансов РК от 29.03.2022 года № 323).

С 2025 года информация от банков будет предоставляется по индивидуальным предпринимателям, руководителям юридических лиц и их супругам по итогам 2024 года.

Данная мера нацелена на выявление сокрытых доходов и незарегистрированных предпринимателей, так как многие предприниматели получают оплату за товар, работы и услуги посредством мобильных переводов на личные счета, не предназначенные для предпринимательской деятельности.

Кроме того, вводятся изменения в действующий критерий для физических лиц, имеющих право не регистрироваться в качестве индивидуального предпринимателя.

Также предлагается установить следующий критерий: «Получение одним физическим лицом денежных средств на банковский счет от 100 и более разных лиц ежемесячно в течение трех последующих месяцев, общая сумма которых превышает 3-х кратный размер минимальной заработной платы» (по состоянию на 01.01.2024 года 255 000 тенге).

Департамент государственных
доходов по Кызылординской области.

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ СОТТАН ТЫС БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ

2023 жылдың 3 наурыздан бастап елімізде жеке тұлға банкрот болуға өтініш бере алады. Азаматтар «жеке тұлғаның банкроттығын» қолдану үшін үш түрлі нұсқаның бірін таңдай алады - соттан тыс банкроттық, сот банкроттығы және төлем қабілетін қалпына келтіру.

Соттан тыс банкроттық
Егер банк, микроқаржы ұйымы, коллекторлық агенттіктер алдындағы берешегі 1 600 АЕК-тен аспаса (5 млн 907 мың 200 теңге), жеке тұлға соттан тыс банкроттықты пайдалана алады. Бұл үшін қарыз алушы мына талаптарды сақтауға тиіс:

- Атына тіркелген, ортақ меншіктегі мүлік болмауы керек;
- Өтініш берілген күні, қатарынан 12 ай ішінде ол кредиторлар мен коллекторлардың алдындағы міндеттемелері бойынша төлем жасамаған болуға тиіс;

- Мерзімі өткен берешек туындаған уақыттан бастап 18 айдан аспайтын мерзімде борышкерге қатысты кредиттік шарт бойынша орындалмаған міндеттемелерді реттеу немесе өндіріп алу жөніндегі рәсімдер жүргізілген болуға тиіс.

Өтінішті қалай береді?
Соттан тыс банкроттыққа өтінішті жеке тұлғалар 2023 жылғы 3 наурыздан бастап есеп порталы арқылы бере алады. ҚР азаматтарының төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы Заңның 16 бабына сәйкес, борышкер белгіленген нысан «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы электрондық нысанда соттан тыс банкроттық рәсімін қолдану туралы арызбен жүгіне алады.

Өтінішке кредиторлардың атауын, берешек сомасын, орналасқан жерін көрсете отырып кредиторлардың тізімі; борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу және (немесе) өндіріп алу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Сот банкроттығы
Бұл рәсімді қарызы 1 600 АЕК-тен (5 млн 907 мың 200 теңге) (мрп 3692 теңге) асатын азаматтар қолданады (кредитор алдындағы борыштың барлық түрі бойынша). Сот арқылы банкроттықты таңдаған борышкерге тиесілі мүлік сауда-саттық кезеңінде сатылады. Егер борышкердің жалғыз баспанасы кепіл нысаны болып саналса, онда кредитор оны алып қоя алады. Өтелмеген соманың қалғаны есептен шығарылады, яғни жойылады. Бұл ретте мүлкті немесе ол жайлы ақпаратты жасыру, жалған ақпарат ұсыну тіркелмеуге тиіс.

Өтінішті қалай береді?
Азаматтар өтінішті 2023 жылдың наурыз айынан бастап тұрғылықты жері бойынша сот органына береді.

Банкроттықты өткізу мерзімі - 6 ай, оны тағы 6 айға ұзарту мүмкіндігі бар. Өтінішке:

- Берешек сомасы мен олардың туындаған күні;
- Тұрғылықты жерінің немесе орналасқан жерінің мекенжайы;
- Кейін хабарлау үшін электрондық мекенжайлары және байланыс телефондардың нөмірлері;
- Барлық кредиторлар мен дебиторлардың тізбесі;
- Банкрот деп тану туралы өтінішпен жүгінуден алты ай бұрын жасалған бағалау туралы есепті (ол болған кезде) қоса беру арқылы борышкер мүлкінің тізімдемесі;
- Борышкердің банктік қарыз шарты және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша берешекті реттеу шараларын қабылдағанын растайтын құжаттың көшірмесі қоса беріледі.

Салдар
- Соттан тыс және сот банкроттығын қабылдаған азаматтар 5 жыл бойы несие қарызын және микронесие рәсімдей алмайды.
- Тек 7 жыл өткеннен кейін ғана қайта банкрот болуға өтініш беруге құқылы.
- Банкрот болған азаматтың қаржылық хал-ахуалына 3 жыл бойы арнайы мониторинг жасалады.

Төлем қабілетін қалпына келтіру
Бұл рәсімді қолданушылар толық банкрот болмайды. Жеке тұлға қаржы ұйымы алдындағы берешегін бес жыл мерзімге бөліп төлеп, төлем қабілетін қалпына келтіре алады. Үдеріс сот арқылы жүзеге асады.

Төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге өтініш беруді жоспарлап отырған борышкер үшін жалғыз ғана шарт бар - борыш мөлшері қарыз алушыға тиесілі мүлктің құнынан аспауы керек.

Қалпына келтіру жоспары қаржы басқарушысымен бірлесіп әзірленеді және сотта бекітіледі.

Қалпына келтіру шаралары:
- Мүлктің бір бөлігін сату;
- Мүлкті жалға беру;
- Жаңа үй сатып алу арқылы тұрғын үйді сату;
- Құны төмен тұрғын үйге айырбастауды және басқаны қамтиды.

Қызылорда қаласы бойынша
Мемлекеттік кірістер Басқармасы.

ЖРВИ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ



ЖРВИ (жедел респираторлық-вирустық инфекция) немесе тұмау - бұл барлық жастағы және ер адамдармен әйелдерге және балаларға әсер ететін ауыр вирустық инфекция. Тұмау эпидемиясы жыл сайын, әдетте, суық мезгілде болады. Тұмау вирусы өте оңай таралады: инфекцияның ең көп тараған жолы - ауа тамшылары. ЖРВИ кезінде бірінші кезекте тыныс алу ағзалары зардап шегеді. ЖРВИ тез таралады және көпке созылмайды. Қоздырғыштар жөтелу, түшкіру, сөйлесу кезінде ауа арқылы науқас адаммен байланыс жасаған кезде жұғады.

ЖРВИ белгілері күтпеген жерден пайда болады және бірнеше сағат ішінде сіздің дененізді толығымен басып алады; Температураның күрт жоғарлауымен, жарыққа сезімталдықтың

жоғарлауымен, бүкіл дененің ауырсынуымен көрінеді. Тұмаудың белгілері жасырын кезеңі - 5, 6 сағаттан 3 тәулікке дейін созылады. Осы уақыт аралығында вирус ауыз бен мұрынның шырышты қабыттары арқылы ағзаға еніп үлгереді, ал иммундық жүйе сол уақытта оған кедергі жасау әрекет жасайды. Инкубациялық кезеңнен кейін аурудың мынандай белгілері пайда болады.

1.Тұмау, мұрынның бітелуі, түшкіру, тамақтың жыбырлауы сияқты аурудың бастапқы белгілері.

2. Өлсіздік, сырқырап ауыру.

3.Аурудың алғашқы сағаттарында температура көтеріледі. 40°С дейін және тіпті одан да жоғары қатты қызбаға тән.

4.Құрғақ жөтел пайда болады, ол бірте-бірте ылғалды, қақырық бөлінетін жөтелге айналады.

Алдын алу шаралары.
ЖРВИ алдын алуға бағытталған шараларды жыл бойы сақтаған жөн: дұрыс тамақтану, шынығу иммунитетті арттырып, тұмауға қарсы тұрудың оңтайлы амалдары. Тұмаудан алдын алу үшін ең тиімді тәсілі оған қарсы екіп алу. Вакцинациялау – ЖРВИ алдын алудың негізгі медициналық әдісі. Вакцинаны ілдет басталғанға дейін 1-3 ай бұрын егіледі.

-С дәруменін қабылдау қажет.
-Ілдет кезінде адам көп шоғырланған жерден аулақ болу.

-Үнемі үйді ылғалды тазалап, желдетіп отыру.

ЖРВИ немесе тұмау - ауыр және қауіпті дерт. Алайда сіз салауатты өмір салтын ұстансаңыз тұмаудың алдын алуыңды тиімді жолы.

Өз денсаулықтарыңыз өз қолдарыңызда!

Г.М.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,
Қармақты аудандық санитариялық-
эпидемиологиялық бақылау
Басқармасының басшысы.

В КАЗАХСТАНЕ ПОВЫШЕН РАЗМЕР ОБЯЗАТЕЛЬНОГО ПЕНСИОННОГО ВЗНОСА РАБОТОДАТЕЛЯ

С 1 января 2025 года в Казахстане размер обязательного пенсионного взноса работодателя (ОПВР) составит 2,5%.

Напомним, что с 1 января 2024 года все работодатели стали участвовать в формировании пенсионных накоплений и перечислять в ЕНПФ обязательные пенсионные взносы работодателей (ОПВР) в пользу своих работников. Тем самым, накопительная система Казахстана была дополнена новым компонентом.

Согласно Социальному кодексу, в отличие от 10% обязательных пенсионных взносов (ОПВ), уплачиваемых работниками из своих доходов, ОПВР перечисляются за счет собственных средств работодателя. Ежегодно размер ОПВР будет поэтапно расти (1,5% в 2024 году, 2,5% в 2025 году, 3,5% в 2026 году, 4,5% в 2027 году) и в 2028 году составит 5%. Сумма дохода работника, принимаемая работодателем для расчета ОПВР, составляет не менее одной минимальной заработной платы (МЗП) и не более 50-ти МЗП, установленной на соответствующий календарный год.

Работодатели освобождены от уплаты ОПВР в пользу следующих работников – лиц пенсионного возраста, лиц с бессрочной инвалидностью 1-й и 2-й групп, военнослужащих и приравненных к ним лиц, а также лиц, родившихся до 1 января 1975 года. Контроль за своевременностью и полнотой уплаты

работодателем ОПВР возложен на комитеты государственных доходов Министерства финансов РК.


Стоит учесть, что в отличие от ОПВ, поступающих на индивидуальные пенсионные счета работников, ОПВР зачисляются на условные пенсионные счета и не являются собственностью работников. Соответственно, накопления, сформированные за счет ОПВР, работники не могут наследовать. ОПВР предназначены для выплаты пенсий по солидарному (распределительному) принципу.

Позтому ОПВР, которые ранее были уплачены за лиц, в дальнейшем утративших гражданство Казахстана или умерших, будут распределяться между оставшимися участниками и будут выплачиваться пожизненно.

Введение ОПВР направлено на пенсионное обеспечение работников, родившихся в 1975 году и позже, учитывая отсутствие или незначительность у них стажа работы до 1998 года для получения солидарной пенсии.

В будущем их совокупная пенсия будет складываться из трех компонентов: базовой пенсии - от государства, накопительной - за счет их отчислений ОПВ в ЕНПФ и условно-накопительной - за счет взносов работодателей.

Пресс-центр АО «ЕНПФ».



Пластиковые отходы являются одной из наиболее острых экологических проблем современности, затрагивающих как локальные экосистемы, так и глобальные усилия по устойчивому развитию. Казахстан, как и многие страны, сталкивается с растущим объемом пластиковых отходов, что создает значительные вызовы для экологической безопасности.

В рамках регионального проекта «Пластиковые отходы в отдаленных и горных районах Казахстана и Узбекистана», реализуемого Центром «Содействие устойчивому развитию» (https://csd-center.org/) при поддержке секретариата Базельской, Роттердамской и Стокгольмской конвенций (BRS), была проведена масштабная инвентаризация пластиковых отходов за период с 2013 по 2022 годы. Этот проект, который также охватывает Узбекистан, реализуется при активном участии Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан и направлен на формирование устойчивых решений в области управления отходами.

Инвентаризация предоставила детальный анализ объемов использования пластика, его распределения по секторам и динамики образования отходов. В период с 2013 по 2022 годы объем использованного пластика для упаковки составил около 196 тысяч тонн. Сектор строительства занимает второе место с долей 19% (167 тысяч тонн), где пластик используется для производства долговечных материалов, таких как трубы и изоляция. Транспортный сектор потребляет около 17% пластика, что связано с ростом производства автомобилей и использованием пластиковых компонентов для снижения веса транспортных средств.

Одновременно с увеличением объемов потребления пластика растет и объем образования пластиковых отходов. В 2022 году он достиг 296 тысяч тонн, что более чем в два раза превышает показатель 2013 года. Основной источник отходов - упаковка, которая составляет 66% от общего объема. Это связано с массовым использованием одноразовой упаковки и отсутствием эффективных систем переработки. Другие сектора, такие как строительство и транспорт, генерируют меньше отходов из-за более длительного срока службы пластиковых изделий. Среди наиболее широко используемых полимеров в Казахстане лидируют полиэтилен (38%), полипропилен (23%) и полиэтилентерефталат (14%), которые также составляют основную долю отходов.

Инвентаризация выявила ряд проблем, которые затрудняют

эффективное управление пластиковыми отходами. Основной вызов заключается в недостаточной инфраструктуре, которая не справляется с растущими объемами отходов. Отсутствие системы раздельного сбора отходов увеличивает нагрузку на сортировочные мощности и снижает качество перерабатываемого сырья. Низкий уровень экологической культуры среди населения усиливает проблему, поскольку многие граждане недостаточно информированы о необходимости сортировки и переработки отходов. Кроме того, региональные дисбалансы в перерабатывающих мощностях ограничивают возможности эффективного управления отходами, особенно в отдаленных и горных районах.

На основе результатов инвентаризации были разработаны рекомендации для решения выявленных проблем. Регулярное проведение инвентаризаций позволит поддерживать актуальные данные об объемах и типах пластиковых отходов и разрабатывать эффективные стратегии управления. Развитие инфраструктуры, включая создание новых предприятий и модернизацию существующих мощностей, станет важным шагом для снижения объемов отходов. Внедрение системы раздельного сбора отходов улучшит качество переработки и сократит затраты на сортировку. Масштабные образовательные кампании помогут повысить уровень экологической культуры населения и стимулировать участие граждан в инициативах по переработке. Совершенствование законодательства, включая ограничение использования одноразового пластика и стимулирование применения переработанных материалов, создаст условия для перехода к циркулярной экономике.

Инвентаризация пластиковых отходов в Казахстане стала важным этапом для формирования устойчивой системы управления отходами. Исследование предоставило актуальные данные, которые помогут разработать и внедрить эффективные меры по снижению объемов пластиковых отходов, увеличению переработки и минимизации их негативного воздействия на окружающую среду. Вместе с результатами аналогичного исследования в Узбекистане проект подчеркивает важность регионального сотрудничества и интегрированного подхода к решению проблемы пластикового загрязнения. Реализация предложенных мер позволит Казахстану укрепить свои позиции в Центральной Азии как лидера в области экологически устойчивого управления отходами и поддержать переход к циркулярной экономике.

В 2025 году результаты инвентаризации пластиковых отходов будут загружены на официальный сайт секретариата Базельской, Роттердамской и Стокгольмской конвенций: <https://www.brsmeas.org/>

По материалам Министерства экологии и природных ресурсов Республики Казахстан, www.gov.kz.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ 2024 ЖЫЛДЫҢ 11 АЙЫНДАҒЫ ТАЗА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ КІРІСІ 2,78 ТРЛН ТЕҢГЕГЕ ЖЕТТІ

2024 жылдың 11 айында отандастарымыздың таза инвестициялық кірісі шамамен 2,78 трлн теңге болды. Өткен жылдың сәйкес кезеңіндегі көрсеткіштен ол 1,53 трлн теңгеге немесе 123% артық. Бұл ретте міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен салымшылар мен алушыларға 2,76 трлн теңгеден астам инвестициялық кіріс түсіп, 2,29 трлн теңге мөлшеріндегі осы жарналардың көлемінен асып түсті.

Тек 2024 жылдан бастап аударыла бастаған жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) бойынша таза инвестициялық кіріс 14,24 млрд теңге болды. Жарналардың бұл түрінен қалыптасқан жинақ көлемі – 204,12 млрд теңге.

2024 жылдың 11 айында БЖЗҚ-дағы міндетті зейнетақы жарналары (МЗЖ), міндетті кәсіптік зейнетақы жарналары (МКЗЖ), ерікті зейнетақы жарналары (ЕЗЖ) есебінен қалыптасқан, ҚР Ұлттық Банкі басқаратын зейнетақы активтерінің кірістілігі осы кезеңдегі инфляция 7,6% болған кезде 14,85% көрсетті.

2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша БЖЗҚ-ның жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗЖ) есебінен қалыптастырылған зейнетақы активтерінің кірістілігі – 12,00%.

Қордың зейнетақы активтерінің соңғы 12 айдағы кірістілігін қарастырсақ, 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша инфляция 8,40% құрағанда ол 16,97% болды.

Инвестициялық кіріс қаржы құралдары (бағалы қағаздар, салымдар және басқа операциялар) бойынша сыйақы түріндегі кірістерден, қаржы құралдарын нарықтық және валюталық қайта бағалаудан, сыртқы басқарудағы активтер бойынша кірістерден және т. б. тұрады. ҚР Ұлттық Банкі және инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) инвестициялық портфельді үнемі әртарапандырып отырады. Яғни, зейнетақы активтері түрлі қаржы құралдарына, валюталарға инвестицияланып, нарықтағы жағдайға қарай үнемі қайта бөлініп орналастырылады. Қордың enpf.kz сайтына ай сайын орналастырылатын ҚР Ұлттық Банкінің инвестициялық қызметіне жасалған шолуда, 2024 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша кірістер құралдардың барлық түрлері бойынша алынғандығы көрсетілген.

Ұзақ мерзімді кезеңдегі жинақталған инвестициялық кірістілік те инфляциядан асып түсті. 1998 жылы жинақтаушы зейнетақы жүйесі құрылған сәттен бастап 2024 жылғы 1 желтоқсанға өспелі қорығындымен жинақталған кірістілік бүкіл кезеңдегі инфляция 819,24% болғанда, 952,5% көрсетті.

Зейнетақы активтерін инвестициялық басқару мен есепке алудың барлық жүйесі ашық: әрбір салымшының enpf.kz сайтындағы немесе ұялы қосымшадағы жеке кабинетінен өзінің инвестициялық кірісін көруге мүмкіндігі бар.

БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялық басқару және олар орналастырылған қаржы құралдары туралы ақпарат Қордың (www.enpf.kz) ресми сайтындағы «Көрсеткіштер/Инвестициялық қызмет» бөлімінде жарияланады.

Көптеген маңызды және пайдалы ақпаратты, соның ішінде жинақтаушы зейнетақы жүйесі сарапшыларының зейнетақы активтерін инвестициялау туралы сұхбаттарын - БЖЗҚ ЕНПФ YouTube-арнасынан көруге болады.

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы.

Е-ӨТІНІШ АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІМЕН ЖҰМЫС ЖАСАУДЫ ҚАМТИДЫ



«Е-өтініш» - азаматтардың мемлекеттік органдарға жүгіну рәсімдерін барынша жеңілдетуге және олардың қаралуын бақылауды жетілдіруге арналған ақпараттық жүйе.

«Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында және өтініш берушілермен жұмыс сапасын арттыру мақсатында құрылған.

Өтінішті үйден шықпай-ақ беруге болады. Бүгінде азаматтардың барлық өтініштерін бірыңғай қабылдау терезесі қағидаты бойынша "E-otinish" ақпараттық жүйесі жұмыс істейді.

Жеке немесе заңды тұлға өтініш беру үшін Google арқылы «Е-өтініш» теріп, E-otinish.kz сайтына өтеді. Әрі қарай өтініш беру батырмасын басу арқылы ЭЦҚ-кілтпен кез келген мемлекеттік мекемеге өз сауалын жібере алады.

Әрбір адам осы жүйе арқылы мемлекеттік органдардың және басқа мекемелердің бірінші басшыларына жүгіне алады. Жүйеге келіп түсетін барлық өтініштер мен сұрау салулар мемлекеттік органның өзі де, Бас прокуратура да қатаң есепте және бақылауда болады.

Мемлекеттік органның немесе басқа мекемелердің соңғы жауабын алғаннан кейін, өтініш берушілер бұл жауапқа қаншалықты қанағаттанғанын бағалай алады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 76-бабына сәйкес, егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, өтінішті, хабарды, ұсынысты, ұн қатуды, сұрау салуды қарау мерзімі өтініш келіп түскен күннен бастап 15 жұмыс күнін құрайды.

Жолданым келіп түскен күні тіркеледі.

Егер жолданым жұмыс істемейтін күні келіп түскен болса, онда ол жақын уақыттан кейінгі жұмыс күнімен тіркеледі.

Кодексте белгіленген тәртіппен берілген жолданым міндетті түрде қабылдануға, тіркелуге, есепке алынуға және қаралуға жатады. Жолданымды қабылдаудан бас тартуға тыйым салынады. Одан әрі жолданым жолданым немесе оның бөлігі бойынша уәкілетті әкімшілік орган, лауазымды адам Кодексте белгіленген тәртіппен әкімшілік рәсімді қозғайды.

Шағымды қарау мерзімі шағым түскен күннен бастап жиырма жұмыс күнін құрайды және 2 айға дейін ұзартылуы мүмкін.

Осыған байланысты, өтініш берген кезде Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің нормаларын қатаң сақтауға кеңес береміз.

Ғалия ХАЛЫҚОВА,
Қызылорда қаласы бойынша МКБ-ның
персоналмен жұмыс және ұйымдастыру
жұмысы бөлімінің басшысы.

ДЕЗИНФЕКЦИЯ, ДЕЗИНСЕКЦИЯ МЕН ДЕРАТИЗАЦИЯ ТУРАЛЫ НЕ БІЛЕМІЗ?



Дезинфекция (залалсыздандыру) дегеніміз - сыртқы ортада инфекциялық және паразиттік аурулардың қоздырғыштарын әртүрлі дезинфекциялық препараттарды және құрал-жабдықтарды қолдана отырып жоюға бағытталған шаралар жүйесі. Яғни жұқпалы және паразитарлық аурулардың кең таралып кетуін болдырмау үшін қолданылатын шаралардың бірі.

Дератизация - індет ауруларын тарататын кеміргіштерді (егеу құйрық, тышқан, саршұнақ және т.б.) жоюға немесе санын азайтуға бағытталған іс-шаралардың кешені. Дератизация кеміргіштер тарататын түрлі аурулардың (оба, туляремия, құтыру, сарып, күйдіргі, сальмонеллез, т.б.) қоздырғыштарын дер кезінде құрту, олардан сақтандыру үшін жүргізіледі. Сақтандыру үшін тұрғын үйлер мен ғимараттардың астындағы жертелелерді, қоймаларды, мал мен құс қораларын таза ұстап, азықты тышқан кіре алмайтын қоймаларда сақтайды. Тышқан інін бітейді.

Дезинсекция (ауру қоздырғыштарын тарататын зиянды жәндіктерді жою үшін мал фермаларында, құс фабрикаларында, ет комбинаттарында, қоймаларда, т.б. қолданылатын мал дәрігерлік-санитарлық шаралардың бірі. Дезинсекцияның мақсаты - ауру қоздырып, тарататын жәндіктерді жою және олардың өсіп-өнуіне, көбеюіне жол бермеу. Дезинсекция шарасы өндірістік, тұрғын үй-жайларда, ғимараттарда, құрылыстарда, көлікте, қалалық және ауылдық мекен аумақтарында, су қоймаларын, сондай-ақ синантропты буынақтылар мен кеміргіштердің табиғи мекендеу орындарын қоса алғанда, оларға іргелес ашық табиғат учаскелерінде жүргізіледі.

Дезинсекция арнайы мекемелер мамандарының бекітуімен белгіленген ережеге сай жүргізіледі. Дезинфекциялық, дезинсекциялық, дератизациялық іс-шаралар жүргізілетін жерлерде өңдеуге қатысы жоқ адамдардың, сондай-ақ үй жануарларының болуына жол берілмейді.

Дезинфекция, дератизация, дезинсекциялық жұмыстарын жүргізетін адамдар жұмыс істеу барысында арнайы киіммен: халат, аяқ киім, респираторлар, резиналық қолғаптар, көзілдіріктер кию қажет және жеке бас қауіпсіздік заттарымен (СИЗ) қамтамасыз етілуі тиіс. Дезинфекциялық, дератизациялық, дезинсекциялық шараларға қолданылатын улы препараттар желдетілетін, стеллаждармен, сөрелермен, шкафтармен жабдықталған арнайы үй-жайларда, қоймаларда сақталады.

Жалағаш аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасы.

Қазгидромет ауасы ластанатын 11 қаланы атады



«Қазгидромет» РМК Қазақстан қалаларындағы ауа сапасына қатысты болжамын жариялады.

- 2025 жылғы 13 қаңтарда Қостанай, Қарағанды, Жезқазған, Балқаш, Теміртау, Өскемен, Семей, Атырау, Ақтөбе, Алматы, Астана қалаларында ауаның ластануының қолайсыз метеорологиялық жағдайлары күтілуде, - делінген хабарламада.

Қолайсыз метеорологиялық жағдайлар - атмосфералық ауаның беткі қабатында зиянды (ластаушы) заттардың шоғырлануына ықпал ететін

қысқамерзімді метеофакторлардың (тымьық ауа райы, жеңіл жел, тұман, инверсия) жиынтығы.

Қолайсыз метеорологиялық жағдай кезінде елді мекендердегі атмосфералық ауаның сапасы нашарлауы ықтимал.

Еске сала кетейік, бұған дейін елімізде ауа сапасы нашарлаған қалалар саны күрт артқанын жаздық.

А.Тумакбаева, inform.kz
материалдар бойынша,
фото: inform.kz.

МЕНИНГИТ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Менингит («миқұрт») - бұл миды және жұлынды жауып тұратын қабықшаның бактериалды қабынуы.

Менингит - бұл адам денсаулығы үшін өте қауіпті ауру, онда жұлын мен мидың қабынуы пайда болады. Егер емдеу уақытында болмаса, онда саңырау, эпилепсия және ішкі ағзалардың зақымдануы сияқты салдары болуы мүмкін. Балаларды асқын ретінде ақыл-ой кемістігі

бастауы мүмкін.

Себептері мен белгілері.

Аурудың жұғу жолы қоздырғыштың түріне байланысты. Менингит тудыратын бактериялардың көпшілігі менингококк, пневмококк адамның мұрын - жұтқыншақтың шырышты қабығында болып түшкіргенде, сөйлегенде ауа тамшылы жолмен таралады. Менингит жоғары температурасыз болмайды, ауру әрдайым қызба мен интоксикацияны тудырады. Менингит жоғары температурасыз болмайды, ауру әрдайым қызба мен ауыр интоксикацияны тудырады. Адам миының қабынуы басталатынын анықтайтын алғашқы белгілерінің бірі.

Белгілері келесі көріністермен жүреді:

- Қатты бас ауыру;
- Дыбыстарға төзбеушілік фотофобия;
- Жүрек айну және құсу, іш өту;
- Өте қатты әлсіздік байқалады;
- Шатасу, ұйқышылдық немесе қатты қозу, мазасыздық;
- Дененің сезілталдығы артуы.

Алдын алу.

Менингитті алдын-алу уақытында вакцинациядан тұрады. Вакцинациялау менингитке әкелетін бірқатар аурулардың алдын алады. Жеке бас гигиена шараларын сақтау, салауатты өмір салтын ұстану қажет, себебі бұл иммунитеттің табиғи қорғанысын арттырады.

- Ғимараттарды жиі желдетіп, күн сайын ылғалды тазалау;

- Сөзілмалы инфекция ошақтары ЛОР ағзаларын тазалау;

- Қайнатылған немесе бөтелкедегі суды ішу;

- Ашығу, ұйқы қанбау, күйзелу және т.б. аулақ болу.

Г.М.ТӨЛЕПБЕРГЕНОВА,
Қармақшы аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау Басқармасының басшысы.

ОНЛАЙН БАҚЫЛАУ-КАССАЛЫҚ МАШИНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ ТӘРТІБІ

Бүгінгі күні ақпараттық және инновациялық технологиялар жаңарған сайын, салық жүйесіндегі бақылау мен әкімшілендіруге жетілдіруге байланысты өзгерістер де күн санап дамып келеді. Сондықтан да салық төлеуші субъектілерге қойылатын талаптарға байланысты бірқатар өзгерістер тәжірибеге енгізілуде. Соның бірі - сауда орындарында автоматты түрде мәліметтер беру функциясы бар бақылау-кассалық машинасын орнату болып табылады. Бұл талап – салықтан жалтаруға жол бермейтін және салықтық есептілік проблемаларын дер кезінде жүргізіп отыруға мүмкіндік беретін тиімді механизм.

Бақылау-касса машиналарын (БКМ) қолдану тәртібі Салық кодексінің 165-169 баптарында айқындалған.

Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар БКМ міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Ақшалай есеп айырысулар - қолма-қол ақша және (немесе) төлем картчаларын және (немесе) мобилдік төлемдерді пайдалана отырып есеп айырысулар арқылы тауарды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін жүзеге асырылатын есеп айырысулар.

Осылайша, ақшалай есеп айырысуды жүзеге асыру кезінде барлық салық төлеушілер БКМ қолдануға міндетті.

БКМ қолданудан Мына тұлғалар босатылған:

- 1) жеке тұлғалар;
- 2) жеке сот орындаушылар, адвокаттар мен медиаторлар;
- 3) уәкілетті органмен келісу бойынша көлік саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен нысан бойынша билеттерді бере отырып, халыққа қызмет көрсетіп, қалалық қоғамдық көлікте тасымалдаушылар;
- 4) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі;
- 5) қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ жерлердегі салық төлеушілер;
- 6) екінші деңгейдегі банктер;
